

«Қарасаз» - бөбекжай бақшасы» МКҚК

Бекітемін

«Қарасаз» бөбекжай - бақшасы»

менгергені  М. Сембиева

Тақырыбы: «Мен туралы бәрі» бала эмоциясын
түсініп қолдау жолдары

Логопед: Байгашева Н.

**Тақырыбы: «Мен туралы бәрі» - Өзін – өзі тану және қарым-
қатынас жаттығулары, «Бала эмоциясын түсініп, қолдау жолдары»
кеңесі**

Мақсаты: Әлеуметтік-эмоционалдық дамуын бақылау, жеке кеңестер жүргізу. Өзін-өзі тану түсіну, ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу білігін дамыту, өзара жағымды қарым-қатынасын арттыру, парасаттылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қарым - қатынас – адам іс - әрекетінің ауқымды саласы, ол өмір сүрудің, тыныс - тіршіліктің негізгі арқауы. Адам тек сөйлесу арқылы ғана қарым - қатынас жасамайды. Ол айналасындағылармен түрлі ым - ишара, белгі, таңба арқылы да бір - біріне мағлұмат бере алады. Тіпті қас қағу, нық пен иекті қозғалту, басты шайқау, тағы басқа осы секілді толып жатқан атрибуттар да қарым - қатынастық қызмет атқарады. Халқымыз «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді» деп өте тауып айтқан. Тіпті күлу мен күлімсіреудің де, жылау мен жыламсыраудың да қарым - қатынастық қызмет атқаратынын біле бермейміз. Сөйлесу - қарым - қатынастың негізгі түрі.

Адами қарым - қатынастағы ең басты әдептілік – бұл сәлемдесу болып табылады.

Қазақ халқында амандасудың қазір түрлері көп. Олай болса, біз амандасудың мына түрлерін орындап көрейік:

Дүниедегі ең үлкен нәрсе – Кеңістік

Дүниедегі ең данасы – Уақыт

Ең жеңілі – Біреуге ақыл айту

Ең қиыны — Өзін-өзі тану

Адамның өмірі адаммен, бірінсіз-бірінің күні жоқ. Адамдар арасындағы қарым-қатынас жақсы болса, көрер күндері де қызықты болады. Уақыт оза келе адамдармен қарым-қатынас жасауда зор табыстарға қол жеткізіп, нәтижесінде Франциядағы американ елшісі болып тағайындалған екен. Мұның сырын ол былай түсіндіріпті: «Мен еш адам туралы жаман әңгіме айтпайтынмын, керсінше жақсы әңгімелерін ылғи да айта жүремін». Адамдар арасындағы қарым-қатынас, шын мәнінде, өте нәзік дүние. Өйткені қылт етсе сынып кетуі мүмкін көпір секілді. Әркімнің қабағына қарау да оңайға соқпайды. Адамның ішінде оны түрткілеп тұратын бір сайтан ой болады. Бұл ой оған былай деп сыбырлайды: «Неге бұл істі

сен ғана істеуің керек? Тапта, басқалар істесін», «Сен өз міндетінді атқардың, қалғаны сенің ісің емес, осы істегенің де жетер!» және тағыда тағылар... Бұл сыбырға ергендер әрдайым есімен тайталасып, салғыласып, ұрысып-керісіп жатады. Ал ұрыс бар жерде ешқандай береке жоқ. «Күл болмаса бұл болсын» дейтін мұңсыз адамдар осындайdan шығады. Өйткені мұндай адамдар «Мені бұл нәрсе қызықтырмайды, маған бәрібір»-дейді. Әрине, мұның бәрі де-бір абырой әпермейді. Қалай дегенмен де қарым-қатынастың жетістікке жеткізер жолдары бар. Өз жан дүниені қара. Адам сөйлескенде ең көп «Мен» сөзін қолданады екен. Өйткені бұл оған ұнайды, «Мен сүйттім», «Мен бүйттім» дегеннен адам жалығар емес. Бұл өзіне сенгендік емес керісінше өзін ғана ойлаушылық. Өмірде өзін ғана ойлайтындар опық жейді. Жетістікке жету жолындағы кедергі болатын қасиет осы-адамның өзімшілдігі. Атақты психолог А.Адлер былай деген екен: «Айналадағы жора-жолдастарының, бауырларының жан дүниесіне үніліп қарамаған адам өмірде ең үлкен қиыншылыққа кезігеді және айналасындағыларға үлкен зиян тигізеді.

«Осындай қазақ інін, қазақ аған,

О баста аңсағаны таза қоғам.

Адамдар арасында ғұмыр кешіп,

Адаммен араласпау азап оған ».

Олай болса, «Жақсылықты да, жамандықты да жасайтын-адам»,

«Адамнан асқан құндылық жоқ». Күніне 100 адаммен, 100 түрлі сезіммен нәзік қарым-қатынас жасайтын бірден-бір адам-ол мұғалім. Адындағы шәкіртерінің жан –дүниесіне үніліп, түсіну, әріптестерінің ойларымен санаса біліп, тұлға аралық қарым-қатынас орната білу ол мұғалім үшін де оқушы үшін де үлкен маңызды. Өйткені сау тұлға аралық қарым-қатынас білім санасына тікелей әсер ететін құрал.

«Джунглидегі жаңбыр» жаттығу

Мақсаты: Иық, мойын, омыртқа аймақтарындағы бұлшық еттің жиырылуын жою, босаңсу, шаршағанды басу.

Нұсқау: Тар шеңбер құрамыз. Джунгли ну орманындамыз деп ойлаймыз. Ауа райы бастапқыда өте керемет болады. Күн көтерілгенде өте ыстық, ауа қапырық болды. Бір мезетте жеңіл самал жел соқты. Алдыңызда тұрған адамның арқасына қолыңызбен жеңіл қимылдар жасаңыз. Жел күшейе

түседі (арқаға батырыңқырайтын кимылдар жасалады) Құйын басталды (күшті айналыс қозғалыстарын жасаңыз) Содан кейін жәй жаңбыр сіркіреді (көршіңіздің арқасын саусақтарыңызбен түртіңіз) Нөсер жауын басталды (жоғары төмен алақан, саусақтарымен сипайсыз). Бұршақ аралас жауын жауа бастады (барлық саусақтарыңызбен түртесіз). Содан кейін қайтадан нөсер жауын, жай жаңбыр, одан кейін күн ашылады. Енді 180 градусқа бұрылып, жаттығуды қайталаймыз.

Жаттығу ұнады ма?

Қандай сезімде болдыңдар?

Дұрыс тәрбие - балаға өмір бойы азық. Сол дұрыс тәрбиені қарым-қатынас арқылы ұстанатын басты тұлға-мұғалім.

«Мен кімін?» ойын

Балалар болашақта кім болғысы келетінін айтып. Қиялын жеткізу керек

«Сіз білесіз бе?» жаттығу

Максаты: қатысушылардың бір-бірін жақсы тану, өзара бөлісу, мән бермей жүрген қасиеттерін өзара түсінісу.

Сіздердің алдарыңызда жүрекше бар. Жүрекшенің ішінде әртүрлі жануарлар мен құстар, жәндіктер аттары жазылған. Алдымен әркім өзіңздегі билеттегі жануарлармен танысып, көршіңіздің бойындағы осы жануардағы бар қасиеттерді айтасыз.

«Түрлі-түсті шарлар» аяқталмаған сөйлем

-Бір айдын ішінде сізді егерде қуантқан нәрселер көбірек болса жасыл шарды алып «Жұмыста соңғы кезде мені қуантқан...» деген сөйлемді аяқтау керек, ал егерде ренжіген сәттеріңіз басым болса «Жұмыста соңғы кезде мені ренжіткен...» қызыл шарды алып осы сөйлемді аяқтау керек.

Қорытынды Тәрбиеші тәрбиеленушіге байқап білудің нысаны ретінде емес, тәрбие берудің нысаны ретінде қарауы керек. Адам денсаулығына жақсы қарым-қатынастың әсері мол. Қоғаммен, ұжыммен оқушылармен әрдайым жақсы қатынаста болған нағыз мейірімділіктің белгісі. «Адамдардың саған қалай қарағанын қаласаң, басқаларға да солай қара » деген даналар сөзін естен шығармай жадымызда ұстайық ұстаздар. Қатысқандарыңызға рахмет!